

Жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Қарасу ауданы Новопавлов ауылы әкімінің 2019 жылғы 6 мамырдағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 13 мамырда № 8422 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69 -бабы 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес Қарасу ауданы Новопавлов ауылы әкімінің міндептін атқарушысы ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "SilkNetCom" жауапкершілігі шектеулі серікtestігіне "Құсмұрын станцасы – Чернигов ауылы – Новопавлов ауылы" талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу мен пайдалану мақсатында Қарасу ауданы Новопавлов ауылының аумағында орналасқан жалпы көлемі 0,608 гектар жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Новопавлов ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;
- 3) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Қарасу ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Новопавлов ауылы әкімінің міндептін атқарушысы

M. Едігенов